



«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ  
ректоры, профессор

*Т. Балықбаев* Т. Балықбаев

» 01 2020 жыл

## «START PROJECT» креативті жобалар байқауы туралы ереже

### 1. Жалпы ереже

Осы ереже «START PROJECT» атты Алматы қаласы ЖОО жастарының креативті байқауын өткізу тәртібі мен ережесін белгілейді.

### 2. Байқауды ұйымдастырушы

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті.

### 3. Байқау өткізудің мақсаты мен міндеттері

#### *Байқаудың мақсаты:*

- жастар бастамаларын қолдау;
- жас зияткерлердің теориялық және практикалық дайындықтарын сараптау;

- жобалар жасауда студент жастардың шығармашылық қабілетін дамыту;

- ЖОО жастары арасында байланысты дамыту;

- өзара тәжірибе алмасу;

#### *Байқаудың міндеттері:*

- ғылымды насихаттау және ғылыми ойлауды дамыту;

- жастардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дағдылануын дамыту;

- креативті жобаларды іске асыруға, экономиканың ғылымды қажетсінетін салаларын дамытуға бағытталған идеялардың іске асырылуын қолдау.

### 4. Байқауға қатысу үшін жұмыстарды ұсыну талаптары және байқауды өткізу тәртібі

Байқауға Алматы қаласы ЖОО студенттері қатыса алады. Әр қатысушы тек бір өтініш қана бере алады. Жобалар байқауға PDF/Power Point форматында таныстыру арқылы қазақ, орыс тілдерінде ұсынылады.

Жобаның енгізілген кезеңдерінің макеті, сызбасы, фотосуреттері, графиктері, ұсыныс хаттары және басқа да мәліметтері қоса беріледі.

Байқауға төрт бағыт бойынша жобалар ұсынылады:

- ғылыми бағыт;

- start up бағыты;

- IT жобалар;

- әлеуметтік бағыт;

Ұсынып отырған жобаны автор комиссия алдында жобаның өзектілігін сипаттайтын баяндама түрінде қорғайды. (Регламент –7 минут).

Ең көп балл жинаған жоба байқаудың жеңімпазы деп танылады.

Байқауға қатысу өтініштері және байқау жобалары 2020 жылғы 6 ақпанға дейін [sarybaev09@mail.ru](mailto:sarybaev09@mail.ru) электронды мекенжайы бойынша қабылданады, анықтама телефоны: +7 707 7411959

#### **5. Байқау жобаларын бағалау тәртібі**

Озық байқау жобасын іріктеу және қарау үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Абай атындағы ҚазҰПУ-нің өкілдері және қызметкерлері қатарынан Байқау комиссиясы құрылады. Байқау комиссиясы байқау өтініштерін қарайды және әзірленген өлшемдерге және тиісті баллдарға сәйкес бағалау бюллетеньдері негізінде жеңімпаздарды анықтайды. Байқау комиссиясының жұмыс нәтижесі комиссияның іріктеуге қатысқан барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

#### **6. Жұмыстарды бағалау критерийлері:**

- ғылыми жаңашылдығы;
- қаралған мәселенің өзектілігі;
- құрылымның негізділігі және мазмұнының қисындылығы;
- меншікті ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінің болуы;
- автордың өзіндік жұмыс тәсілі;
- шешімнің және практикалық ұсыныстың болуы;
- жұмыстың безендірілуі.

#### **7. Байқау жеңімпаздарын марапаттау**

Байқау кезеңінің нәтижелері бойынша байқау комиссиясы I, II және III орын алған және 2 ынталандыру креативті жобаларды белгілейді. Байқау қатысушыларына қатысушы сертификаты беріледі. Жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар тапсырылады.

#### **Байқаудың жүлде қоры:**

**I орын – 100 000 теңге**

**II орын – 70 000 теңге**

**III орын – 50 000 теңге**

**2 ынталандыру сыйлығы – 30 000 теңге**

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік  
даму жөніндегі проректор



**Ж.Е. Ішпекбаев**

Әлеуметтік жұмыстар жөніндегі  
бөлім басшысы



**М. Сарыбаев**

Жастар ісі жөніндегі  
комитеттің төрағасы



**Д. Ділдәбек**